

ISSN 1694-7118

КЫРГЫЗ ТИЛИ ЖАНА АДАБИЯТЫ: ОКУТУУНУН ИННОВАЦИЯЛЫК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ИЛИМИЙ - МЕТОДИКАЛЫК ЖУРНАЛ



*Гүл бакчада гүл түбөлүк эместир,
Түбөлүк гүл сен калтырган ак иштер
А. Навои*

халықтың барлық тегіне өз әсерін тигізеді, яғни қатысушылардың орындаушылық мәнерін көтереді, көрмермендерді хабардар етеді, мәдениет институттарының салаларын байытады. Сонымен бірге «достықты ныгайту» мәдени өмірде тек фестивальдар мен концерттер өткізумен ғана шектелмейді, сондай ақ еліміздің халқын мәдени білімдар етуге де көніл бөлінген. Қазақстан Республикасының Білім және Фылым Министрлігімен бірлесе мәдени, білім алу жұмыстарын кеңейту мақсатында көптеген мемлекеттермен қарым қатынастар жүргізілуде. Шет елдерде білім алуға бағытталған Президенттік бағдарлама бойынша өнер, мәдениет саласы бойынша сұранымы көп мамандар дайындау ісі қолға алынған. Қазіргі кезде Германиядағы, Ресейдегі(Сургут қаласы), Башқортстандағы, Қыргызстандағы және т. б. мемлекеттердегі қандастарымызбен мәдени, ғылыми байланыстар жүргізу ісі де жақсартыла бастады. Отандық музика өнерін шет елдерге насиҳаттау мақсатында да жұмыстар жүргізілуде.

Аталған фестивальдар мен концерттерден өзге халықаралық конкурстарға, ғылыми конференцияларға, шығармашылық жобаларға және бұрынғы Кеңестік Одак кеңістігіндегі үрпақ пен мәдениет арасындағы өзара диалог орнату туралы жобаға қатысу көзделуде.

Қазақстан мемлекетін толық дәрежеде таныту барысында компакт дискілер жаздыру, бағалы музикалық аспаптар сатып алу, шет елдерден белгілі өнер шеберлерін шақырту және өз өнер қайраткерлерлерімізбен тәжірибе алмастыру жұмыстары жолға қойылған.

Қорыта келе, ұлттық мәдениетімізге елеулі үлес қосар белгілі тарихи мәдени және сәулеттік ескерткіштерді сақтау, қалпына келтіру, үлкен мәдени мұраларды, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениетті, фольклорды, әдет ғұрыпты зерттейтін біртұтас жүйе құру арқылы ұлттық әдебиет пен жазбаның қөпгасырлық тәжірибесін іске қоса отырып, әрбір азамат ұлттық мәдени құндылықтарымыздың денгейін көтеруге ат салысусы тиіс.

*Кадиша Турарова,
Халықаралық Бизнес Академиясы
Қазақстан Республикасы, Алматы
Қазақ тілі пәннің ага оқытушысы*

ТІЛДІК ҚАТЫНАС ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МІНДЕТТЕРИ

Билингвизм мәдениетаралық коммуникацияның бір құбылысы ретінде лингвист ғалымдарға ғана емес, екінші тілді оқытатын әдіскерлерге де арнайы қарастырылатын мәселе болып табылады. Мәдениетаралық коммуникацияға қатысушылардың екіжакты ерекшелікті жігін айыра тани білуі мен олардағы ортақ адамзаттық құндылықтардың тұтас менгере алуы – қазақ тілін осы бағытта оқытудың міндеті болып саналады. ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның пікірінше: «Тілдік қатынас дегеніміз тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысызы, түсінісі, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсіу тілдік қатынас дегенді білдіреді»(1,7). Тілдік қарым-қатынасқа түсү – оған қатысушылардың қазақша ақпараттарды, өз ойларын, сезім күйлерін еркін алмаса алу және сөйлесіп тұрған адамына психологиялық

әсер ету үдерісі ретінде танылады. Тілдік қарым-қатынастың әрбір жекелеген актісі оған қатысушылардың ой-санысының, білік-дағдысының көрсеткіші болғандықтан, оны ерекше бір үдеріс ретінде тану керек.

«Тілдің қарым-қатынас құралы қызметін жүзеге асыруға қатысы бар барлық белгілер тіл білімінің құзіретіне кіреді»-дейді ғалым С.С.Кибрик(2,3).

Тілдік қарым-қатынастың бірлігі – қатысушының әрқайсысының көзқарасы, ойы, сезімін білдірілетін циклдар болып саналады. Сол циклдардың бірінің ойын екіншісі өрбітуінен тілдік қарым-қатынастың тұтастығы қаланады. Сөйтіп тілдік қарым-қатынастың кеңейтілген үдеріс көрінісі ретінде танылуын оған қатысушылар үшін маңызды болып отырган ақпараттарды өзара алмасу барысындағы өзара әрекеттердің тізбегі деп танылады.

Аудиториядағы қазақ тілі сабактарының әрқайсысы коммуникативтік-сөйлеу бағытында ұйымдастырылуы – студенттерге қазақша қарым-қатынасқа түсді тиімді әрі оңтайлы әдістер мен тәсілдердің менгерліуіне жасалған жағдай болып есептеледі. Студенттердің болашақ маман ретіндегі қазақша сөйлеу жағдаяттарын жаттыгулар түрінде орындауы және білімін тексеруде сол мазмұндағы тестілерді орындауы қазақша коммуникативтік білік-дағдылардың қалыптасуына, құзыретілігінің арттына кең арналы мүмкіндіктері туғызатыны белгілі.

Қазақ тілінен студенттердің коммуникативтік-сөйлеу құзыретінің мазмұны:

Интенциялар. Жағдаяттар мен тілдік қарым-қатынас тақырыптары.

Бұл мазмұндағы коммуникативтік міндеттерді шешуде студент өзі менгеріп отырған деңгейі бойынша мыналарды білуі керек:

- сөйлеу тактикасының дамыған түрін демонстрациялау: ресми, ресми емес, тікелей, жанама, мақсат, міндет, уақыт пен кеңістікегі тілдік қарым-қатынастарды қажеттілікке байланысты алмастыра колдана білу білік-дағдылары;

- вербалды түрде адамдармен байланыс орнату, реттеу, ақпарат алу-акпарат беру, бағалау, қажетті жағдайда оларды кешенді түрде жүзеге асыра алу дағдылары;

- студент өзінің қазақша сөйлеуін тілдік қарым-қатынас жағдаятына және қазақы сөйлеу/сөйлесу этикеттеріне лайықты құрай білуі, атап айтқанда:

- коммуникацияга араласуы;
- әңгіме-дүкен құра білуі;
- қажеттілікке байланысты тақырыпты баяулатып өзгерте алуы;

- басталған әңгімені сөйлесу жағдайына лайықты аяқтай білуі;

- әңгімелесуші екінші адамды қажеттілікке сый тоқтата алуы;

- оның ойын өрбіте алуы;
- сөйлесіп түрган адамының ойын түсінетінін білдіре алуы;

- оны сөзбен көтеріп отыруы;
- психологиялық жайлы жағдай жасауга ынталы болуы;

- марапаттап отыруы;
- лебіз білдіре білуі;

- көңілін білдіру дағдылары болуы.

Студент қазақ тілінде катысым әрекетіне түсे отырып, нәтиже негізінде

- қазақша өтініш білдіруге;
- кенестер айтуга;
- ұсыныстар жасауга;
- өтініштер мен арыздар айта алуға;
- талап етуге;
- бұйыруға;
- ескертуге;
- сақтандыруға;
- қатесін көрсетуге;
- қоркыту, үркітуге;
- келісуге,
- келіспеуге;
- ынталандыруға;
- тілек айтуга;
- өз тілегін білдіруге;
- қарсы келуге;
- тыйым салуға;
- құдіктенуге;
- қарсы келуге;
- үәде беруге;
- сендіруге;
- кепілдіктер білдіруге;
- қатесін мойындауға;
- үміттендіруге қажетті дағдыларды менгеруі тиіс.

Қазақ тілін үйрену барысында студент қазақша сөйлеу/сөйлесу, жазу, оку, тындаутүсіну үдерісінде шешілуі тиіс коммуникативтік міндеттерін арттыру үшін мынадай бағдарды танып, соларға бейімделе алуы тиіс:

әлеуметтік-тұрмыстық салада өзінің окуы мен қасіби қызметінен тыс жеке тұрмыстық қажеттіліктерін өтеуде қазақша сөйлей, жаза, оқи, тындаіж және түсіне алуы тиіс;

әлеуметтік-мәдени салада өзінің эстетикалық және танымдық қажеттіліктерін өтеуде қазақ тілін мүмкіндігінше толыққандылықпен пайдалана білуі тиіс;

оку-қасіби және ресми-іскери салада әлеуметтік қажеттіліктерді өтеуде барысында оку, қызмет, ресми орындарда, мекемелердің тиісті өкілдерімен қазақша сөйлесе алуы, оқытуы, жаза білуі, тындаіж – түсіне білу керек.

Студенттер қазақ тілін менгеру барысында ауызша және жазбаша түрде тілдік қарым-қатынасқа қажетті білік-дағдыларды менгеруі үшін мынадай тақырыптық жүйені менгеруі ке-

рек. Тестілеу барысы да осындай тақырыптық жүйеден кіші жекелеген тақырыпшаларға бөлінеді:

- «Адам және оның жеке өмірі: сүйіспеншілік, отбасы, достық»;
- «Оқу, тәрбие, қызмет, кәсіби сала»;
- «Бос уақыт: мәдениет, өнер, спорт, демалыс түрлері»;
- «Адам және қоғам»;
- «Адам және зан»;
- «Адам және саясат»;
- «Адам және экономика»;
- «Адам және ғылым»;
- «Адам және өнер»;
- «Адам және табиғат»;
- «Жер Ана»;
- «Рухани қазына»;

• «Адам. Фарыш. Жұлдыздар».

Осындай ірі тақырыптық жүйеден туындастын қазақ тілінен менгертилетін білім мазмұны игерген білімі деңгейін бағалайтын, тексеретен, бақылайтын тест жүйесінің де мазмұнын құрайтыны белгілі. Сондықтан «Тыңдалымтүсіну», «Оқылым», «Жазылым», «Сейлесім/сейлесу» сияқты сөйлеу білік-дағдыларының қалыптасқандығының көрсеткіштері осы лингвистикалық негіздерден туындаиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі – Алматы, 2000. 207 б.
2. Кибрик С.С. Лингвистические предпосылки моделирования языковой деятельности// Моделирования языковой деятельности в интеллектуальных системах – М., 1987. С.3.

Гүлзира Шардарбекқызы Ақымбекова

Филология гылымдарының кандидаты, доцент

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Халықаралық Бизнес Академиясы

ЕЛІМІЗДЕГІ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРГЕ ИС ҚАҒАЗДАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫГЫ

Атақты түрколог В.Радлов «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе сез сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады» – деп тіліміздің көркемділігі мен көреметтілігіне сүйсінген екен.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді менгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек» деген болатын. Осы айтылған сөзді негізге ала отырып, қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқытудың көптеген жаңа бағыттары қолға алынып келеді. Әсіресе жыл сайын әрбір оқу орны мемлекеттік тілді оқытуға арналған тәжірибелік оқу-құралдарын шығарып, іс жүзінде іске асырып жатыр. Әрбір әдіскер өзінше тілді оқытудың жаңа жолдарын көрсетіп, тәжірибелерімен ой бөлісуде.

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді үйренушілердің саны да күннен-күнге артып келеді, әрі тілді үйренуге еліміз жағдай жасап,

қолдау көрсетіп жатыр. Тілді үйрету жұмыстары тек қана мемлекет тарарапынан ғана көрініс таппай, әрбір оқу орны, әрбір мемлекеттік, жеке меншік мекемелер өз жағдайына қарай жұмыстар атқаруда. Яғни мемлекеттік тілдің қолдану аясын көңейту үшін жеке тұлға да, заңды тұлға да бір кісідей атсалысу үстінде деп айтсақ қалеспейміз.

2011 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті халықта Жолдауында мемлекеттік тілді билетін қазақстандықтардың саны 2017 жылы 80%, 2020 жылы 95% құрау керек деген міндет қойды. 29 маусымда КР. Президентінің №110 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Осы бағдарлама бойынша КР. Мәдениет министрлігі бірнеше шараларды іске асыруға кірісті. Солардың бірі үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шет тілі және екінші тіл ретінде» оқытуға арналған стандарт технология, оқу-әдістемелік кешен және әртүрлі тапсырмаларды атауға болады. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тілдің қолдану

МАЗМУНУ

Т. А. Абдырахманов	
Билим берүү идеологиясы. Билим берүү саясаты	3
Т. А. Абдырахманов	
Кыргызстандагы билим берүүнүн сапатын көзөмөлдөө жана жакшыртуу маселелери.....	9
С. Байгазиев	
Антипедагогика же меримдүү этиканын жаратмандык күчү	11
Т.А. Коңурбаев	
Кыргыз мамлекетинин жана мамлекеттик тилдин абалы	18
С. Байгазиев	
Ата-эне менен баланын ортосундагы гармония жөнүндө Манас осуят	21
А. Жаманаков	
Окуучунун сабакка көңүл бөлүүсүн, кызыгуусун системалаштыруу	30
Ж.А.Чыманов	
Кыргыз тили сабагында кеп мәданиятын үйрөтүүнүн айрым маселелери	31
М. Колдошев	
Манастин төрөлүүсүнө байланыштуу сүйүнчүлөө жөрөлгөсүнүн таалим-тарбиялык өңүтү	36
Ү. Беркбаев	
Элдик мурастарга кылдай мамиле жасоо шарт	39
Мира Ибраева	
Интерактивдүү ықмаларды окутуунун абалын жакшыртуунун негизи	40
Юртсевер Карасой	
Элдик жомоктордогу ақыл-эс тарбиясы	43
Н.Р. Суранова	
Текст – кыргыз тили сабагынын тарбиялык максатын ишке ашыруунун каражаты	47
Н.Р. Суранова	
Лирикалык чыгармалар кыргыз тили сабагында	49
Н.Р. Суранова	
Кыргыз тили сабагында текст менен иштөөнүн айрым жолдору	52
Н.Р. Суранова	
Колледждерде кыргыз тили сабагынын тарбиялык максатын ишке ашыруунун жалпы маселелери	54
Г. Т. Ерсүлтанова	
Поэзиядағы ұйқас жөнінде.....	57
Ғ.Ә.Солтанбекова	
Кәсіби бағдарлы оқытуудың өзекті мәселелері.....	62
Л.Б. Бегалиева	
Бір тәуліктегі шақтық ұғымды білдіретін синонимдік қатарлар	67
Л.Б. Бегалиева	
Іскерлік әдебінің тұжырымдамалары және оның алатын орны	70
К.Д. Төңізбаева, Г.А. Турар	
Қазақ халқының рухани мәдениетінің қалыптасуы	72
Кадиша Турарова	
Тілдік қатынас құзіреттілігін қалыптастыру міндеттері	75